

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
L.N. Gumilyov Eurasian National University



«ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ҚАРЖЫ-БАНК СЕКТОРЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕРІ»

атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
(10-11 маусым, 2022)

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции
**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ
ФИНАНСОВО-БАНКОВСКОГО СЕКТОРА
В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ»,**
(10-11 июня, 2022)

PROCEEDINGS

of the International Scientific and Practical Conference
**«MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT
OF THE FINANCIAL AND BANKING SECTOR IN CONDITIONS
OF ECONOMIC UNCERTAINTY»,**
(June 10-11, 2022)



Нұр-Сұлтан/ Nur-Sultan, 2022



Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**«ЭКОНИМИКАЛЫҚ БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ҚАРЖЫ-БАНК
СЕКТОРЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕРІ»**
Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
(10-11 маусым, 2022)

СБОРНИК ТРУДОВ
Международной научно-практической конференции
**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ФИНАСОВО-
БАНКОВСКОГО СЕКТОРА В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ
НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ»**
(10-11 июня, 2022)

PROCEEDINGS
of the International Scientific and Practical Conference
**" MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF THE FINANCIAL AND
BANKING SECTOR UNDER ECONOMIC UNCERTAINTY "**
(June 10-11, 2022)

Нур-Султан, 2022
Nur-Sultan, 2022

УДК 336.71
ББК 65.262.1 я73
Э 40

Рецензенты: Макыш С.Б., д.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева
Шаяхметова К.О., д.э.н., профессор, университет Туран-Астана

Редакционная коллегия

Насырова Г.А. - заведующая кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Жоламанова М.Т. - к.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Рахимжанова К.К. - доктор PhD, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Айтказина А.А. – преподаватель, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Мисник О.В. - докторант, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Керимкулова Д.Д. - докторант, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан

ISBN 978-601-337-682-0

«Экономикалық белгісіздік жағдайында қаржы-банк секторын дамытудың қазіргі заманғы үрдістері» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектер жинағы / Насырова Г.А. жалпы редакциясымен. - Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022. - 337 с.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Современные тенденции развития финансово-банковского сектора в условиях экономической неопределенности»/ под общей ред. Насыровой Г.А. - Нур-Султан: Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2022.- 337 с.

Proceedings of the International Scientific and Practical Conference " Modern trends in the development of the financial and banking sector under economic uncertainty "/Under the General editorship of Nasyrova G.A.- Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 337 p.

ISBN 978-601-337-682-0

УДК 336.71
ББК 65.262.1 я73

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022
© Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2022
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

3 – суретте қызмет көрсету негізінде цифрлық төлемдер сегменті болжамды кезеңде тез өседі деп күтілуде. Цифрлық төлемдер сегменті 2019 жылы 194,5 миллиард долларға бағаланды және 2027 жылға қарай 402,5 миллиард долларға жетеді деп болжануда. Интернет-платформалар арқылы банктік өнімдер мен қызметтерді сатудың өсуі бүкіл әлем бойынша банктердің цифрлық сатылымдарын ынталандыруда. Сандық сатылым сегменті 2019 жылы 609,4 миллиард долларға бағаланды және 2027 жылға қарай 1 207,5 миллиард долларға жетеді деп болжануда.

Қорытынды. Цифрландыру шетел және қазақстанда ұдайы даму үстінде, елге енгізілуде, қаржы-банк сфераларында түрлі технологиялар қолданылуда. Және біздің қорытындылай келе, ұсынарымыз: Жоғарыда атап өткен жаһандық трендтерді елімізде дамыту үшін мүмкіндіктерімізді пайдаланып, цифрлық банктің үнемділігі мен қарапайымдылығын айқындау, кибершабуыл, деректердің жоғалуы секілді тәуекелдердің көлемін азайту.

Әдебиет:

1. TOP 10 Digital banking trends for 2022 – Изменение банковского ландшафта /Интернет-ресурс: <https://geniusee.com/single-blog/digital-banking-trends>
2. The disruptive trends & companies transforming digital banking services in 2022 /Интернет-ресурс: <https://www.insiderintelligence.com/insights/digital-banking-trends/>
3. Цифровые банки: кто на свете всех крупнее? /Интернет-ресурс: <https://www.if24.ru/tsifrovye-banki/>
4. Digital Banking Market, by Type (Credit Unions, Co-operative Banks, Consumer Bank), by Services (Digital Payments, Digital Sales), Regional Outlook (North America, Europe, Asia-Pacific, LAMEA), Global Opportunity Analysis and Industry Forecast, 2019–2027 /Интернет-ресурс: <https://www.researchdive.com/53/digital-banking-market>

ӘОЖ 336.71.078.3

ЖАҒАНДЫҚ ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БАНКТІК РЕТТЕУ МЕН БАНКТІК ҚАДАҒАЛАУ

Алтаева М.Ж.

*магистрант, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: madina_0206@bk.ru*

Ғылыми жетекшісі – э.ғ.д., профессор Нурумов А.А.

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы*

Аңдатпа. Мақалада COVID-19 пандемиясының сын-қатерлеріне жауап ретінде дағдарысқа қарсы іс-шаралардың кең бағдарламасын жүргізу жағдайында 2020 жылы еліміздің банк жүйесінің жай-күйіне талдау жасалды. Банк қызметі ішкі және сыртқы факторлардан туындаған әртүрлі тәуекелдерге ұшырайды. Бұл әсіресе әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс жағдайында көрінді, бұл көптеген елдердің үкіметтерін дағдарысқа қарсы бағдарламаны әзірлеу арқылы одан тез шығудың жолдарын іздеуге мәжбүр етті.

Кілт сөздер: банктік реттеу, банктік қадағалау, Қазақстан Республикасының банк жүйесі, жаһандық қаржылық дағдарыс, ҚР Ұлттық Банкі, ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.

Кіріспе. Қазіргі экономикада банк секторы және оның тұрақтылығы елдің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін маңызды мәнге ие, сондықтан банк жүйесінің тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз ету үшін банк қызметін тиімді реттеу мәселесі маңызды, өзекті және пікірталас тудыратын мәселелердің бірі болып табылады.

Банктік реттеу – бұл экономикалық, әкімшілік және құқықтық сипаттағы шаралардың, әдістердің, құралдардың жиынтығы деп санаймыз, олардың көмегімен қадағалаушы уәкілетті мемлекеттік орган екінші деңгейдегі банктердің қызметіне жеке банктің де, бүкіл банк жүйесінің де тұрақты орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында жүйелі тәуекелдерді ерте анықтау және алдын алу мақсатында ықпал етеді [1].

Уәкілетті орган банктердің қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету, олардың депозиторларының мүдделерін қорғау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ақша-несие жүйесінің тұрақтылығын қолдау үшін банктердің қызметін реттеуді, оның ішінде:

- күдікті және сенімсіз активтерге қарсы провизияларды қоса алғанда, пруденциалдық нормалар мен лимиттерді және банктер сақтауға міндетті басқа да лимиттерді белгілеу;

- банктердің орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық құжаттарды басып шығару;

- банктердің қызметін тексеру;

- қадағалау шараларын қабылдау;

- санкцияларды қолдану арқылы реттеуді жүзеге асырады[2].

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік органы – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (Агенттік) жұмыс істейді.

Агенттік қаржы қызметін тұтынушылардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ететін, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және қаржы нарығын дамытуға ықпал ететін, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын, сондай-ақ құзыреті шегінде өзге де тұлғаларды мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды іске асыратын мемлекеттік орган болып саналады.

2020 жылы Қазақстан экономикасы үшін коронавирустық инфекцияның пандемиясынан туындаған жаһандық дағдарыстың салдарын жұмсарту мақсатында, қаржы секторының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтың тапсырмаларына сай өмірлік қиын жағдайда қалған қаржылық қызметтерді тұтынушыларға қолдау көрсету мақсатында Агенттік үкіметпен және Ұлттық банкпен өзара іс-қимыл жасай отырып, сондай-ақ Қазақстан экономикасына көптеген елдердің қаржы реттеушілері мен үкіметтерінің тәжірибесі дағдарысқа қарсы шаралардың ауқымды кешенін жүзеге асырды.

Агенттік коронавирус пандемиясы және оның салдары жағдайында экономиканы кредиттеудің төмендеуіне жол бермеу және банктердің қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында контрциклдық сипаттағы уақытша пруденциялық реттеу шаралары кешенін қабылдады[3].

Агенттік уақытша пруденциялық реттеу шараларының үш топтамасын іске асырды (Сурет 1).

1. Бірінші шаралар топтамасының шеңберінде Агенттік 30 наурыз – 30 қыркүйек аралығындағы кезеңде жаңа қарыздар беру және кредит тәуекелдері бойынша провизиялар қалыптастыру үшін банктердің капиталын босатуға бағытталған реттеушілік жеңілдіктер қабылдады.

Агенттік меншікті капиталдың жеткіліктілігін есептеу кезінде сараланған тәуекел коэффициенттерін шағын және орта бизнес субъектілеріне берілген қарыздар бойынша 75%-дан 50%-ға дейін, шетел валютасындағы қарыздар бойынша 200%-дан 100%-ға дейін, синдикатталған қарыздар бойынша 100%-дан 50%-ға дейін төмендетті.

Валюта нарығындағы алып-сатарлық операциялар мен артық құбылмалылықты шектеу үшін шетел валюталары бойынша ұзақ валюталық позиция лимиттері капиталдың 12,5%-нан 7,5%-на дейін, жиынтық валюталық нетто-позиция лимиттері 25%-нан 12,5%-на дейін азайтылды.

Агенттіктің уақытша пруденциялық реттеу шараларының үш топтамасы

Жаңа қарыздар беру және кредит тәуекелдері бойынша провизиялар қалыптастыру үшін банктердің капиталын босатуға бағытталған реттеушілік жеңілдіктер

Қосымша провизиялар қалыптастыру және кредиттік белсенділікті ынталандыру үшін шаралар

Уақытша пруденциялық реттеу шарасының ұзартылуы туралы шешім

Сурет 1 – Агенттікпен коронавирус пандемиясы салдары жағдайында қабылданған уақытша пруденциялық реттеу шаралары

Ескерту: [3] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған

2. Пруденциялық шаралардың екінші топтамасы шеңберінде Агенттік қосымша провизиялар қалыптастыру және кредиттік белсенділікті ынталандыру үшін шаралар қабылдады.

Агенттік консервациялық буфер мөлшерін 1 пайыздық тармаққа 2%-дан 1%-ға дейін азайту есебінен банктердің меншікті капиталына қойылатын талаптарды уақытша жеңілдетті, бұл жүйе құрайтын банктер үшін негізгі капиталды (k1) 9,5%-дан 8,5%-ға дейін, ал қалған банктер бойынша 7,5%-дан 6,5%-ға дейін азайту есебінен жаңа қарыздар беру үшін капитал босатуға мүмкіндік берді.

Банктердің өтімділігіне қысымды азайту мақсатында 2020 жылғы 30 наурыз – 2021 жылғы 1 сәуір аралығындағы кезеңде өтімділікті өтеу коэффициенті жөніндегі талаптар ең төменгі рұқсат етілген мәнді 0,8-ден 0,6-ға дейін төмендету және Үкіметтің, Ұлттық Банктің, халықаралық қаржы ұйымдарының, жергілікті атқарушы органдардың алдындағы міндеттемелердің есебінен ақшалай ағын көлемін 40%-дан 20%-ға дейін қайта қарау арқылы жеңілдетілді.

3. 2020 жылғы қыркүйекте уақытша шаралардың қолданыста болу мерзімі аяқталғаннан кейін олардың тиімділігіне жасалған талдау ескеріле отырып үшінші шаралар топтамасы шеңберінде Агенттік уақытша пруденциялық реттеу шарасының 17-ін 2021 жылғы 1 шілдеге дейін ұзарту туралы шешім қабылдады.

Кәсіпкерлердің кепілдер қорын кеңейту үшін 2021 жылғы 1 қазанға дейін реттеушілік провизияларды есептеу мақсатында off-take келісімшартын сенімді кепіл ретінде тану өлшемшарттары уақытша жеңілдетілді, тапсырыс берушінің талап етілетін рейтингі «BB+»-тен «BB-»-ке дейін төмендетілді және жеткізушінің күнтізбелік 60 күнге дейінгі төлем мерзімінің өтуі жағымсыз кредит тарихы болып табылмайды.

Карантиндік шектеулердің енгізілуіне және іскерлік белсенділіктің құлдырауына байланысты кредиттік міндеттемелерді өтеуде қиындыққа тап болған ШОБ субъектілерінің қарыздарын қайта құрылымдауды ынталандыру мақсатында қайта құрылымдалған қарыздар бойынша провизиялар қалыптастыруға байланысты жеңілдік мерзімі ұзарту туралы шешім қабылданды.

Дағдарыс жағдайында реттеуші органның басты назары Қазақстанның банк секторында жоғары деңгейде тұрған несие тәуекелін қадағалауға бағытталған болатын. Бұл жекелеген банктердің балансында жұмыс істемейтін несиелердің өте көп шоғырлануынан туындаған жүйелік тәуекелдерді реттеуге байланысты. Жұмыс істемейтін активтердің көлемі, өз кезегінде, банк секторының кірістілігіне, өтімділігіне және капиталдандырылуына қысым көрсетеді.


2017 жылдан бастап 2020 жыл аралығындағы кезеңде несие тәуекелін реттеу мақсатында реттеуші банк секторын, негізінен, банктердің баланстарынан жұмыс істемейтін және күмәнді активтерді есептен шығару жолымен қалыпқа келтіру жөніндегі жүйелі шараларды қабылдады. Көрсетілген кезеңде банк секторы бойынша NPL проблемалық қарыздар үлесі 9,3%-дан 6,9%-ға дейін төмендеп, 1,1 трлн теңгені құрады (Сурет 2). Абсолюттік мәнде NPL, негізінен, ірі банктердің баланстарын проблемалық қарыздардан тазарту есебінен 117,9 млрд теңгеге немесе 9,8%-ға төмендеді.

Сонымен қатар, 2020 жылы әлемдік қоғамдастық COVID-19 пандемиясының таралуына байланысты жаңа сын-қатерге тап болды. Карантиндік шектеу шараларын жаппай енгізу экономикалық белсенділіктің айтарлықтай қысқаруына алып келді, сәйкесінше бұл банк секторы тәуекелдерінің өсуіне әсерін тигізді.

Халық пен бизнес кірістерінің төмендеуі, сонд экономикалық белгісіздік жағдайында банк секторының несиелік тәуекел айтарлықтай өсті. Осының нәтижесінде экономиканы кредиттеудің азаюы және экономикалық белсенділік одан әрі төмендеуі мүмкін.

Үкіметтің, Ұлттық Банктің және Агенттіктің дағдарысқа қарсы жедел шаралары банк секторына мемлекеттік субсидиялау және кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен несие беру арқылы күтілетін қысымды айтарлықтай дәрежеде теңестіруге көмектесті.

Нәтижесінде несиелік портфельдің сапасы айтарлықтай нашарлаған жоқ. Сондай-ақ несие тәуекелі NPL проблемалық қарыздарын провизиялармен жеткілікті жоғары деңгейде 77,7%-ға өтеу арқылы теңестірілді.



Сурет 2 – Несие портфелінің сапасы, млрд. теңге

Ескерту: [3] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған

2020 жылы Агенттік банктерді қадағалаудың жаңа құралдарын енгізді: екінші деңгейдегі банктердің активтер сапасын бағалау (AQR), қадағалап стресс-тестілеу, банктердің қаржылық орнықтылығын талдау.

2020 жылғы AQR нәтижелері жүйелік деңгейде де, AQR-ге қатысушы банктер деңгейінде де капитал тапшылығының жоқ екенін көрсетті. Жүйелік деңгейде капитал қоры шамамен 800 млрд теңгені, ал негізгі капиталдың жеткіліктілік деңгейі 12,7%-ды құрады. AQR қорытындысы бойынша Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы жетілдірілді және түзету шараларының қадағалау жоспары шеңберіндегі іс-шаралар айқындалды.

Банк секторының қаржылық орнықтылығын одан әрі қамтамасыз ету мақсатында Агенттіктің негізгі басымдығы 2021 жылы AQR элементтерін және банктерді стресс-тестілеуді қадағалау процесіне шоғырландыру арқылы тәуекелге бағдарланған қадағалау

құралдарын кеңейтуге бағытталды. Бұл тәсілді Еуропалық Орталық Банк кешенді бағалау процесі (Comprehensive Assessment) шеңберінде қолданады және ықтимал күйзелістердің банктердің баланстарына әсерін және банктердің капитал қоры есебінен әлеуетті тәуекелдерді жинақтау мүмкіндігін көрсетеді.

Қорытынды. 2020 жылы Агенттік қызметінің негізгі бағыты банк секторының тұрақтылығын нығайту және оның экономиканы қаржыландыру әлеуетін кеңейту мақсатында жүйелік шешімдерді іске асыру болып табылады. Атап айтқанда, банктер активтерінің сапасын бағалау (AQR) аяқталды, реттеушіге ықтимал тәуекелдер мен күйзелістерді барынша азайту үшін алдын алу шараларын әзірлеуге мүмкіндік берген банктерді қадағалап стресстестілеу және қаржылық орнықтылығын кешенді талдау жүргізілді. Банк жүйесіндегі «нашар» активтердің деңгейін одан әрі төмендету негізінде ауқымды жұмыс басталды.

Жоғарыда атап өтілген шаралардың барлығы, біздің ойымызша, ҚР банк жүйесіндегі жағдайды тұрақтандыруға және дағдарыстан табысты шығуға, сондай-ақ дағдарыстан кейінгі уақытта оның тұрақты дамуына ықпал ететін болады. Себебі, банк қызметін реттеу және банктік қадағалау жүйесін жетілдіру мәселелері мемлекеттің еліміздің банк секторының үдемелі дамуы үшін жағдай жасауының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Әдебиет:

1. Садвокасова К.Ж. Совершенствование банковского регулирования и надзора в Республике Казахстан: теория и практика: Монография. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2013. – 398 с.
2. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2444 Заңы.
3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігінің ресми сайты www.finreg.kz

06.73.55

ASSESSMENT OF THE EFFECTIVENESS OF THE BANKING ECOSYSTEM

Аскарова М. А.

*магистрант, Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева,
г. Нур-Султан, Республика Казахстан
E-mail: supieva_92@mail.ru*

Научный руководитель – Насырова Г.А.

*д.э.н., профессор, Евразийский национальный университет
им. Л.Н.Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан*

The banking landscape is currently undergoing a profound transformation thanks to advanced digital technologies, rapidly changing preferences customers, as well as new competitive threats from fintech companies and large technology enterprises.

In this context, of particular importance is the effective use by banks of partnerships within emerging ecosystems with third parties to meet customer needs and transfer non-core opportunities outside the institution. In view of the foregoing, the article considers the essence and economic the content of the banking ecosystem, its distinctive features and features at the present stage are highlighted. Also the structure of the banking ecosystem is outlined and the key factors of its creation and active distribution are formalized. Special attention in the course of the study is given to developing a methodological approach to assessing the effectiveness banking ecosystem. In particular, analytical indicators are proposed, on the basis of which the bank can choose the most profitable partners. In addition, criteria for the effectiveness of the ecosystem from the point of view of consumers are highlighted. Particular emphasis in the article is placed on the stages of preliminary